

# **СБОРНИК СТАТЕЙ**

**Международной научно-практической  
конференции молодых ученых**

**«НУРГАЛИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ-Х:  
НАУЧНОЕ СООБЩЕСТВО МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ  
XXI СТОЛЕТИЯ.**

**ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»,  
посвященной 25-летию со дня основания  
Евразийского национального университета  
имени Л.Н. Гумилёва**

**25-26 февраля 2021 года**



**г. Нур-Султан, 2021**



**СБОРНИК СТАТЕЙ**  
**Международной научно-практической**  
**конференции молодых ученых**  
**«НУРГАЛИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ-Х:**  
**НАУЧНОЕ СООБЩЕСТВО СТУДЕНТОВ**  
**XXI СТОЛЕТИЯ. ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»**

*25-26 февраля 2021 года*

г. Нур-Султан, 2021

**УДК 80/81**

**ББК 81.2**

**Н90**

*Рецензенты:* И. Любоха-Круглик - д.ф.н., профессор (Польша)  
Л.Е. Беженару - д.ф.н., профессор (Румыния)

*Под общ. ред. - д.ф.н., проф. К.Р.Нургали*

**Члены редколлегии:** д.ф.н., проф. К.Р.Нургали, к.ф.н., проф. Мукажанова Л.Г., маг. Азкенова Ж.К.

**Н-90** «Нургалиевские чтения-Х: Научное сообщество молодых ученых XXI столетия. Филологические науки»: сборник статей по материалам Международной научно-практической конференции (25-26 февраля 2021 г., г.Нур-Султан). / Под общ. ред. д.ф.н., проф. К.Р.Нургали. – Нур-Султан: ЕНУ, им.Л.Н. Гумилёва, 2021. – 591 с.

**IBSN 978-601-337-505-2**

Данный сборник статей состоит из материалов, представленных на юбилейной Международной научно-практической конференции «Нургалиевские чтения-Х: Научное сообщество молодых ученых XXI столетия. Филологические науки» (25-25 февраля 2021 г., г.Нур-Султан). Доклады участников этого научного форума представляют собой результаты исследований молодых ученых по литературоведческим и лингвистическим проблемам, а также вопросам современных методик анализа литературных произведений, переводоведения, образования в условиях пандемии. Многоаспектность тем выступлений – свидетельство интересов современных студентов, которые отличаются широким кругозором и высокой научно-методической подготовкой к научным исследованиям.

Участники данной конференции представляют вузы, которые являются многолетними партнёрами по международному академическому сотрудничеству. Так, перед широкой аудиторией выступили студенты, магистранты, докторанты и аспиранты вузов Казахстана, Российской Федерации (г.Москва, г. Казань, г. Таганрог, г. Ставрополь), Польши (г.Катовице), Румынии (г.Яссы), Турции (г. Анкара) и др.

Данный сборник может быть рекомендован обучающимся образовательных программ по филологическим и педагогическим направлениям.

**IBSN 978-601-337-505-2**

**УДК 80/81**

**ББК 81.2**

©ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва, 2021

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ МЕКЕНШАҚ МОДЕЛІНІҢ КӨРІНІСІ

Әділхан М.Е.

2 курс магистранты

ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

[adilkhanova\\_mye@mail.ru](mailto:adilkhanova_mye@mail.ru)

Ғылыми жетекші – Байтанасова Қ.М.

ф.ғ.к., профессор

[k.baitanasova@mail.ru](mailto:k.baitanasova@mail.ru)

Көркемдік уақыт пен кеңістік - әдебиеттану ғылымындағы мәні терең өзекті мәселелердің бірі. Болмыстағы құбылыстардың барлығын біз осы өлшемдер арқылы ғана бағамдай аламыз. Тылсым табиғатта мезгіл мен мекен заңдылығына бағынбайтын еш нәрсе болмас. Кеңес заманында таптық ұстанымға сүйенген зерттеушілер кеңістік пен уақытты тарихи уақыттың ғана ішінде қарастырды. Алайда соңғы жылдары көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік мәселесін зерттеген теориялық еңбектер жарық көруде.

Тарихқа көз жүгіртер болсақ, сонау антикалық дәуірден бастау алатын бұл ұғымның негізін қалаған Аристотель «кеңістік» пен «уақыт» деп аталатын екі ұғымды алғашқы біріктірушілердің бірі болды. Кейін бұл ұғым Альберт Эйнштейннің қызығушылығын туғызады. Ол өз зерттеуінде кеңістік-уақыт континуумының сабақтастығы мен шексіздігіне баса назар аударады. Осы Эйнштейннің зерттеуіне сүйене отырып Ресейде алғаш рет гректің: *chronos* – «уақыт» және *topos* – «мекен» деген сөздерін біріктіру арқылы «мекеншақ» ұғымын дүниеге алып келген атақты психолог Ухтомский болды. Бірақ ол бұл ұғымды әдебиеттану тіліне емес, физиология ғылымының тіліне сала отырып, адамның қабылдау теориясына негіздейді[1]. Мінекей, осылайша «мекеншақ» ұғымы ғылымның сан түрлі саласында кең түрде көтеріле бастайды.

Мекеншақтың әдебиетте, соның ішінде, орыс әдебиеттануында зерттелуі орыс ғалымы, философ, әдебиеттанушы, мәдениеттанушы М. Бахтиннің есімімен тікелей байланысты. Автор ежелгі эпостардан бастап әдеби шығармалардағы уақыт пен кеңістіктің мағынасын қарастырған мақаласында «хронотоп» ұғымын метафоралық тұрғыда қолданатындығын атап өтеді. Ол «хронотопты» көркем шығарманың бітіміне лайық өзара байланысқа түсетін, көркемдік қызмет атқаратын уақыт пен кеңістіктің бірлігі ретінде қарастыра отырып, оған мынадай анықтама береді: «Әдеби көркем шығармадағы хронотоп дегеніміз – уақыт пен кеңістік белгілерінің нақтылы бір бүтіндік табиғатына лайық бірлікте көрінуі. Мұнда уақыт қоюланып тығыздалады, сығылысады. Сөйтіп көркемдігімен көзге түсетіндей дәрежеге жетеді: ал кеңістік болса, шоғырланады, тарихтың, сюжеттің, уақыттың қозғалысына бағындырылады. Уақыт таңбасы кеңістікте белгіленіп көрінеді. Ал кеңістік уақыт арқылы танылып, уақыт арқылы өлшенеді. Мінеки көркем хронотоп қатпарлардың осылай қиысып, белгілердің осылай қосылып, тұтастануымен сипатталады» [2, 235]. Байқағанымыздай, автор кеңістіктен гөрі уақытқа көбірек басымдық береді. Ол да тегін емес, себебі, расында да, уақыт

хронотоптың жетекші сипаттамасы болып табылады, ал ғарыш (біздің жағдайымызда мекен) тек нақтылайды және толықтырады.

Мекеншақ теориясын зерделеуде М. Бахтиннің «Формы времени и хронотопа в романе. Очерки по исторической поэтике» зерттеу еңбегінің маңызы зор. 1937-1938 жылдары жазылып, 1975 жылы жарық көрген бұл еңбектің әдебиеттанудағы уақыт пен мекен категориясының орнығуындағы мәні үлкен. Он тараудан тұратын бұл еңбекте автор зерттеудің негізгі міндеті етіп роман жанрындағы мекеншақ проблемасын алған. Талдауының өзегіне еуропаның антикалық романдарын мысал етеді. Автор өз еңбегінде әдебиеттегі адам бейнесі белгілі бір уақыт пен кеңістікте орныға отырып, тарихи мәнге ие болатындығын атап өтеді. Оның пікірінше романдағы мекеншақ – адамның әрекеті мен мінез-құлқын айғақтайтын бірден бір феномен. Онымен қоса автор мекеншақты туындының жанрлық сипатын анықтайтын басты көрсеткіш ретінде көрсетеді. Бұл тұрасында ол мекеншақтың функциясын сипаттау барысында атап өтеді. Оның пікірінше хронотоптың ең негізгі қызметі - кейіпкерлер өмір сүретін кеңістікті ұйымдастыру, оны түсінікті және қызықты ете білу. Сонымен қатар зерттеуші хронотоп жанрқұрушылық функциядан басқа сюжетқұрушылық функция да атқарады деп есептейді. Бұдан басқа автор хронотоп туындының мәнді формалық-мазмұндық категориясы екендігін де ескертеді. Яғни «көркем бейненің негізін сала отырып, әдебиеттегі мекеншақ – бұл белгілі дәрежеде ассоциативті-интуициялық деңгейдегі дербес бейне. Туындының кеңістігін ұйымдастыра отырып, мекеншақ оған оқырманды енгізіп, оның санасына көркем тұтастық пен қоршаған ортаның арасындағы ассоциативті байланысты орнықтырады», - дейді.

Ендігі кезекте М.Бахтин ұсынған хронотоптың формаларына тоқталайық:

- Жолдар (бейтаныс адамдар жолда кездесіп, әңгіме өрбіп, содан оқиға басталуы мүмкін).
- Қамал (қамалдарда әрдайым феодалдық өткен уақыт сипатталады, ұлы тұлғалар - патшалар, герцогтар туралы айтылады. Көбіне сюжет мұрагерлік қақтығысу немесе рыцарь мен оның ханымының қадір-қасиетін қорғау төңірегінде өрбуі мүмкін).
- Тұрғын бөлме (ғалымның пікірінше, бұл хронотоп, әсіресе, Бальзак романдарында айқын көрінеді. Қонақ бөлмелері - бұл тосыннан белгілі бір интригалардың туындауына мүмкіндік береді).
- Провинцияның тыныш қаласы (қала мен оның тұрғындарының сипаттамасы тұйық кеңістікті болжайды, мұнда уақыт ағымы сипатталмайды, өйткені провинцияда бәрі әдеттегідей жүреді және ештеңе өзгермейді).
- Табалдырық (бұл – романның негізі дағдарыстық жағдай болып табылатын метафоралық кеңістік-уақыты. Мұнда қоғамның санасын бұзу проблемасы туындайды).

Аталмыш формалардан басқа ғалым өз еңбегінде уақыт пен кеңістік ұғымдарын әдебиет пен өнерге қатысты үш салаға бөліп қарастырады: 1.Реалды (физикалық) уақыт пен кеңістік;

2.Концептуалдық уақыт пен кеңістік;

3.Перцептуалдық уақыт пен кеңістік [3, 11].

**Реалды уақыт пен кеңістік** бізден тыс объективті түрде болып жатқан құбылыстарда, олардың алмасу, орын ауыстыру өзгешеліктеріне қатысты. Адамзаттың ұғымында олар туралы түсініктің болуы да, болмауы да мүмкін. **Концептуалдық уақыт пен кеңістік** – табиғат, аспан денелері, қоршаған орта туралы жинақталған ұғымдар. Бұл іс жүзінде реалды уақыт пен кеңістіктің санамыздағы үлгісі болып табылады. Бұған әр халықтың өзінше қолданатын ай, күн, күнтізбелер, мүшел, жыл санау, жыл қайыру ерекшеліктерін жатқызуға болады. **Перцептуалдық уақыт пен кеңістік** ұғымы адамдардың сезім-түйсіктерінің, психологиялық суреттерінің өзгеріп отыруымен төркіндес. Мәселен, көркем шығарманың өз ішінде ғана жүріп отыратын уақыт пен кеңістікке қатысты адамдардың көңіл-күйінің құбылып отыруы осының айғағы.

Уақыт пен кеңістіктің біздің санамызда бейнеленген қандай үлгісі болса да олардың өзгешеліктері, өлшем-пішіндері реалды уақыт пен кеңістікке қарап анықталады, барлығы да содан туындайды. Уақыт пен кеңістік жазушының дүниетанымын, дүниені қабылдауын, жазушы стилін қалыптастыруда үлкен роль атқарады. Сол арқылы әлемнің жеке-авторлық суретін құру ерекшелігін, көркем шығарманың ішкі заңдылықтарын айқындайды, оның композициялық тірегі болып, көркем бейнелерді айқындаудың ішкі ұйымдастырушысы болады. Уақыт пен кеңістікті зерттеу көркем шығарманың тіліне бойлап, оның құрылу спецификасын, жазушының дүние туралы концепциясын айқындауға мүмкіндік береді.

Жазушы өз шығармасында оқиға өтетін белгілі бір кеңістікті жасайды. Ол кеңістіктің ауқымы кеңейіп, оқиғадан да тыс көп дүниелерді қамтуы мүмкін. Авантюралық, саяхаттық немесе фантастикалық, модернистік романдарда оқиға жерден тыс басқа әлемде өтуі мүмкін. Сонымен қатар оқиға бір бөлменің ішінде ғана немесе бір күн, бір сағат ішінде өтуі де мүмкін. Кеңістіктің «географиялық орта» ретінде нақты, реалды түрі болады. Мысалы тарихи романдардағы кеңістік ойдан шығарылған, фантастикалық сипатта болуы мүмкін. Сонымен қатар кеңістік пен уақыттың мифтік түрі де бар. Бұл түр әсіресе кейінгі тәуелсіздік жылдарында жазылып жатқан шығармаларда кең түрде көрініс береді. Қаламгерлер өз шығармаларында аңыз-әңгімелерді, діни көне сюжеттерді кеңінен қолдану үстінде, бұл өз кезегінде олардың шығармаларындағы кеңістіктік-мезгілдік өлшемдердің күрделенуіне әкелді. Бұған айқын мысал ретінде Қ.Мұбарактың «Тағдыр кітабы», «Ақ-қыз», «Мүрде», «Балбал-қыз», «От ару», «Тораңғылы сиқыры» атты туындыларын атап өтуге болады. Мұнда шығармаларда көбіне қаһармандардың ішкі әлемінің ұңғыл-шұңғылын, олардың жан дүниесінің, санасының, жадының, қиялының кеңістіктерін зерттеуге баса назар аударылады. Бұл бір жағынан адаммен байланысты философиялық мәселенің түп негізіне бойлауға, екінші жағынан жеке уақыт пен кеңістіктің шекарасын жылжытуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар кейінгі жылдары көпшілік арасында готикалық жанрды негізге ала отырып жазылған Мадина Омарованың да әңгімелері ерекше қызығушылық тудыруда. Аталмыш қаламгердің көптеген туындылары осы жанрға сәйкестендірілген. Солардың бірі ретінде «Патша қызының өлімі», «Қария»,

«Жартас басында» сынды әңгімелерін мысал етуге болады. Бұдан басқа қазірде қазақ әдебиеттануында бір уақыт ішінде бір кейіпкердің екі түрлі кеңістікті мекен етуі сынды жаңаша хронотоп түрлері кеңінен қолданыс табуда. Ғылымда оны «екіге жарылу» деп атайды. Оған мысал ретінде Т.Әбдіктің «Оң қол», Қ.Мұбарактың «Махаббат», М.Омарованың «Жол үстінде» сынды туындыларын мысал етуге болады. Бұл шығармалардағы кейіпкерлердің ең негізгі ерекшелігі бір мезетте екі бірдей кеңістікте өмір сүруі, екіге жарыла отырып өмірді таяқтың екі ұшынан да қарастырып көрсетуі. Мұндағы уақыт пен кеңістікке бағынбау, ғаламдарды еркін шарлау, кедергілерді елемеу тылсымнан келген дүние емес, бұның бастамасы сонау мифопоэтикалық танымның төл белгісінен бастау алады.

Шындығына келгенде аталмыш шығармалардағы кейіпкерлер бұлар хронотоптың қызметі негізінде шығарманың жанрын анықтап, уақыт-кеңістіктің жаңа шеңберлері ретінде жаңа жанрларды, мағыналар мен идеяларды тудырады. Бұл өз кезегінде дамуға жол ашады.

Ойымызды қорытындылай келе айтарымыз, әдеби туындының басты компоненттерінің маңызы қандай болса, уақыт пен кеңістіктің мәні де сондай терең. Көркем шығармадағы «хронотоп» немесе «мекеншак» ұғымы әлемнің философиялық-логикалық моделін бейнелеу арқылы өтпелі дәуір әдеби процесіндегі терең өзгерістерді пайымдауға мүмкіндік береді [4, 4]. Олар адам өмірімен, оның жан-дүниесімен тығыз байланысты. Соның ішінде уақыт әсіресе, адамның өмірімен, кемелденуімен, белгілі бір әрекеттерінің орындалуымен көрініп отырады. «Уақыт – емші» деген халық сөзін еске алсақ, уақыт жылжуымен, адам өмірінің де белгілі кезеңдерге өтуі жүзеге асып отырады да, адам санасында сол атқарған іс-әрекеттерінің ең бір маңыздысы есте қалады. Сол арқылы адам өткеніне баға береді, мәнді тұстарын еске алып, көңілін демдеп отырады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ухтомский А.А. Доминанта души: Из гуманитарного наследия. – Рыбинск, 2000. – 608 с.
2. Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики. – М., 1975. – С. 235
3. Зобов А., Мостепаненко А. О типологии пространственно-временных отношений в сфере искусства // Ритм, пространство и время в литературе и искусстве. - Л.:Наука, 1974. - С.11
4. Майтанов, Б. Аңыздың ақыры: мекеншак пен семиозис [Мәтін] / Б. Майтанов // Қазақ әдебиеті.- 2009. - №52. - 15-25желтоқсан. - Б. 4.

#### ***Аннотация***

*В этой статье обсуждается понятие хронотопа, которое является одной из основных категорий в изложении. Как центральное и фундаментальное понятие литературы, в статье изложена информация от его происхождения до текущего использования. Статья также описывает проявления новых форм, исходя из их функций в литературоведении. Проанализированы ее характер в жанре прозы, процесс применения, сущность и результат.*

**Ключевые слова:** *литературоведение, пространство, время, художественная литература.*

#### **FEATURES OF THE MANIFESTATION OF CHRONOTYPES IN MODERN KAZAKH STORIES**

Adilkhan M.E.  
undergraduate 2 years of study  
ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan

*Abstract.* This article discusses the concept of a chronotope, which is one of the main categories in the narration. As a central and fundamental concept of literature, the article provides information from its origin to its current use. The article also describes the manifestation of new forms based on their functions in literary criticism. Analyzed its character in the genre of prose, the process of application, essence and result.

**Key words:** literary criticism, space, time, fiction.

## АГРЕССИЯ КАК ЯВЛЕНИЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО И ЛИНГВИСТИЧЕСКОГО АНАЛИЗА

*Чжан Лудань*

*магистрант 2 года обучения*

*КФУ, г. Казань, Россия*

[854524203@qq.com](mailto:854524203@qq.com)

*Научный руководитель – Фазлыева З.Х.*

*к.ф.н., доцент*

[hanifovna@gmail.com](mailto:hanifovna@gmail.com)

Термин «агрессия» прочно укоренился в повседневном языке. Он используется для характеристики людей и групп или их поведения, при этом смысловой горизонт далеко не всегда отрицательный. Некоторые даже считают, что агрессия — это полезный образец поведения, который дети должны усвоить как часть их социализации и который должен быть закреплен в поведенческом репертуаре на благо психического здоровья. Термин «насилие» также используется в различных формах в повседневной речи. Помимо физического ущерба, говорят о «словесном насилии» или «скрытом насилии», что означает, что под этим термином подразумевается широкий спектр поведения.

В поисках подходящих определений представляется целесообразным опираться на тех авторов, которые первыми высказали соответствующие соображения и сумели поднять исследование агрессии на высокий уровень: Д. Доллард определял агрессию «как действие, целевая реакция которого заключается в нанесении вреда организму (или замене организма)» [2, с.27]. Это описание может быть дополнительно дифференцировано: поведение можно классифицировать как агрессию, если распознается «распространение вредных стимулов, направленных против организма или его суррогата». («Причинять вред» означает повреждать, ранить, разрушать и разрушать, причинять боль, раздражать, беспокоить, оскорблять и т. д.). Агрессия может быть открытой (физическая, словесная) или скрытой (в воображении), она может быть положительной (одобренной культурой) или отрицательной (не одобренной) [1, с.45-56]

Согласно внешней и формальной классификации, различают открытую и скрытую агрессию, прямую и косвенную агрессию (например, клевету), индивидуальную и групповую агрессию (вплоть до войны), собственную и внешнюю агрессию. Мотивационные виды агрессивного поведения можно разделить на позитивную и негативную агрессию; выразительный (сопровожаемый аффектом), враждебный (вред) и инструментальная агрессия (то